

сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Kundelik.kz» «Bilimclass.kz» журналы арқылы тексерілді. Оқу жылдарында Қ.Р Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 31-тамыздағы бұйрығы негізінде сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 16 және одан артық болғанда жүргізілген.

Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген.

Қ.Р Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 31-тамыздағы 4-тарау, 96-тармағы бойынша ШЖМ-да сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 16 және одан артық болғанда 2-4 сыныптарда ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық, орыс тілі пәндері бойынша жүргізіліп отырған.

Негізгі орта білім беру бойынша:

Сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 16 және одан артық болғанда орыс тілі, ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні пәндері бойынша жүргізілген.

Жалпы орта білім беру бойынша:

Жалпы орта білім берудің Сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 16 және одан артық болғанда орыс тілі, ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні пәндері бойынша жүргізіліп отыр.

Топқа бөлінген кластар:

2022-2023 оқу жылында: Бастауыш сынып бойынша 2 сынып, бұл жылы орыс тілі мен әдебиеті пәні және цифрлық сауаттылық пәндері бойынша, 4-сынып ағылшын тілі және цифрлық сауаттылық пәндері бойынша топқа бөлініп оқытылған.

Негізгі орта білім беру бойынша:

6-сынып, 8-сынып, (сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 16 және одан артық болғанда) ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні бойынша 9-сынып ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика, орыс тілі жүргізілген.

Топқа бөлінген кластар:

2023-2024 оқу жылында: 3 сынып, 5-сынып, 7-сынып, 9-сынып бөлінген.

2024-2025 оқу жылында топқа бөлінген кластар: 2-сынып, 4-сынып, 6-сынып, 8-сыныптар

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау, 10- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2022-2023 оқу жылының басында 167 оқушы. 1- сыныпқа 17 оқушы, 10- сыныпқа 13 оқушы қабылданған. 9 кластан 22 оқушы, 11 кластан 3 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2023-2024 оқу жылының басында 171 оқушы. 1- сыныпқа 23 оқушы, 10- сыныпқа 12 оқушы қабылданған. 9 кластан 17 оқушы, 11 кластан 11 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2024-2025 оқу жылының басында 164 оқушы. 1- сыныпқа 19 оқушы, 10- сыныпқа 8 оқушы қабылданған.

Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.

сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2024 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «kundelik.kz», «bilimklass.kz» күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

2022-2023 оқу жылы 1-сыныпта – 35 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 36 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 31 мамыры.

2023-2024 оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған. Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.

2022-2023 оқу жылы:

2022 -2023 оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 36 оқу аптасын құрайды. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады. 2022-2023 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул –7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы – 8 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-11(12)-сыныптарда-34 оқу аптасы.

Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2023 жылғы 30 қазан -5 қараша аралығында) қысқы каникул-10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында) көктемгі каникул -11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул-7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында)

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2024-2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі « Барлық білім беру ұйымдарында 2024– 2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төменде белгіленген. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері:

2024 жылғы 1 қыркүйек -2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы;

1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қараша қоса алғанда);

2- тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап жылғы 8 қаңтарды қоса алағанда);

3-тоқсан -10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс -күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан-8 оқу аптасы.

5.Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).**

Мектептің 1988 жылы ашылған. Жалпы ауданы –1241.9 ш/м. Мектеп ғимараты 500 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет: 2019 жылы мектеп терезесі, еден төсеніші алмастырылды және мектептің сырты сайдингпен қапталды.

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орындары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған.

4. Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер саны-16.

Физика-1 (83.4 м²); Химия-1, (49.2 м²); Биология-1,(34.8 м²); Тарих-1, (48.м²); АӘЖТД -1,(36 м²); Қазақ тілі мен әдебиеті-2, (48;м²,36м²); Математика –1, (44.4 м²); Бастауыш кабинеті -2, (41.5м,49 м²); МАД кабинеті –1, (42.2м²), Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті –1, (43 м²), Технология кабинеті (ұл)–1, (81.9 м²); Технология кабинеті (қыз)-1, (45 м²), География кабинеті-1,(54.6 м²); Информатика кабинет-1,(56.8 м²);

5. Информатика кабинет-1; Интерактивті панель тақта-4; графопроектор-5; микраскоп-8 шт; скилет-2; муляждар, документ камера-1; гербарилер; шаңғы-20; шана-10; коньки-25 доптар (баскетбол, волейбол, футбол, ганбол)-3; обруч-5; эстафеталық ойындар үшін фишки-25; маты-8, турник-2; мостик-1; арқан-1; гимнастикалық ат. т.б

Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеті: директор-1, әлеуметтік педагог-1, медкабинет-1, психология -1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар кабинеті-1, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар кабинеті-1, шаруашылық меңгерушісі кабинеті-1, кітапхана-1. Акт зал-131,6 кв/м, Спорт зал-153.9 ш/м, Асхана-75.7 кв/м.

2024-2025 оқу жылы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2024-2025 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 35 педагог (оның ішінде 1 тәлімгер 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 35 педагог ішінде: зерттеуші-6, сарапшы-11, I-санатты-1, модератор-11, педагог-6. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **51,4 %**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **5**. «педагог» – 1, «педагог-модератор» – 2, «педагог-зерттеуші» – 2. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **40%**-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **28**. Оның ішінде, «педагог» – **5**, бірінші санатты – 1, «педагог-модератор» – 8, «педагог-сарапшы» – 11, «педагог-зерттеуші» – 3. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **53,5%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2024-2025 оқу жылы. “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиориялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар) , білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы). Мектеп оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады. 4 кабинет панельді тақтамен жабдықталған. Шеберханалардың, зертханалардың жабдықтары нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды. Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ГОСТ 1106-93 сәйкес келеді.

Физика зертханасы-18 кв/м²; Химия зертханасы-12 кв/м²; Биология зертханасы-12кв/м²; АӘЖТД кабинетінің қару жарақ қоятын қоймасы-12 м² ;

Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, кол жуғыштар) болуы. Мектеп типтік 1988 жылы ашылған. 6-ты унитаз, 2-і ер балаларға арналған зәр шығару(писсуар), 6-кол жуғыштар, 4-і кіру жолдары бар екендігі анықталды.Мектепте білім алушыларды ауыз сумен қамтамасыз ететін фонтан бірінші қабатта орналастырылған.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Медициналық кабинет бар. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетіледі. Ақтобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Ойыл аудандық ауруханасы» КММ тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған. Лицензияның номері АК10525DD №01855764. Берілген уақыты 27.01.2012ж. Мерзімі шектеусіз. Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте дәрілер салатын құрал- жабдықтарға арналған шкаф, 1 кушетка, 1 ширма, бикс-2, мед. таразы,тоназтқыш-1 т.б құралдар бар. Медициналық кабинетте қажетті алғашқы жәрдем көрсететін дәрі-дәрмектері бар. Кабинетте балаларды есепке алу (переписи) журналы, екпенің жылдық (сандық) журналы бар. Медициналық кабинетте Ойыл орталық ауруханадан Сапақкөл орта мектебінде қызмет көрсетуге 2017ж.04.01.№17 бұйрық негізінде жіберілген -1 медициналық қызметкер жұмыс жасайды. Дусипова Гулсара Тлеугалиевна мамандығы мейіргер ісі. Мейірбикенің біліктілігін арттыру куәлігі №23.24.07.2020ж берілген куәлігі бар.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер Сапақкөл орта мектебі КММ(2024-2025 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтобе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, Әйтеке би көшесі 18	Лицензия номері: АК10525DD №01855764 Берілген күні: 27.01.2012ж	медпункт 33,6 кв/м

edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер;
Электронды почта: sap_sarakkol_om@mail.kz; Мектеп сайты sarakkol.uil-roo.edu.kz

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер;
1-4 сынып оқушылары үшін металл шкафтар, саны 50 дана құлыппен 4 есіктен 200 оқушыларға арналған Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны- 17, мектеп ішінде-9 , мектеп сыртында -8; Бейнебақылау жазбасы 30 күн сақталады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған мектепте лифт, пандус, тактильді тақталар, әжетханалар мен жабдықталған.

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Мектепте 50 орынға арналған асхана бар. Асхана бірнеше бөлмеден және тамақ сақталатын қоймалары бар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

№ 598 бұйрығына ((ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 № 490 Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды). «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан 2022-2023 оқу жылында 29 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 79 оқушысы, 2024-2025 оқу жылдарында 79 тамақпен қамтамасыз етілген. Бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзір бойынша бір балаға шаққанда 603 теңге көлемінде тамақтандырылады. ҚРБЖҒ министрінің 2022ж қағидаға енгізілген өзгерісі негізінде 108-1. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты №35, 14.11.2014 жыл Тамақтану қызметін жеке кәсіркер Асхана жалға берілді. ИП Әліп Күлжамал Әлібекқызы, №0000225 Сериясы 0614 Тіркелген күні: 30.06.2006, Құрылған күні: 08.09.2014ж Күлжамал Әлібекқызымен келісім шартқа отырды. Әр оқу жылының келісім шарты сайтқа салынды

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер Сапақкөл орта мектебі КММ (2024-2023 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
"Сапақкөл орта мектебі" КММ Сарбие ауылдық округі Әйтеке би көшесі №18	Асхана	санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №35, 14.11.2014 жыл	<i>Асхана жалға берілді. ИП Әліп Күлжамал Әлібекқызы, №0000225 Сериясы 0614 Тіркелген күні: 30.06.2006, Құрылған күні: 08.09.2014ж Күлжамал Әлібекқызымен келісім шартқа отырды.</i>

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 63 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны - 16,

Мектепте штаттық кесте бойынша 0,5 кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапханашы: Медетова Гульнара Сериковна, білімі: арнаулы орта. Ә.Молдағұлова атындағы Ақтөбе гуманитарлық колледж. 2014, кітапхана ісі. Еңбек өтілі-12 жыл

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-11255; Оның ішінде: Оқулық-5361; Көркем әдебиет(братшұра)-5753, Әдістемелік-141;

Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-482;МАД-647

Жалпы кітап қорының қазақ тілінде- 7519 – 66,9% ; Орыс тілінде-2526 – 22,4%; Ағылшын тілінде- 1210 – 10.7% барлығы-99%

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы - 63 шаршы метр; Оқу залы -1; Оқулықтар қоймасы- 12,0 ш/м

Кітапхананың техникалық жабдықтауы:

ноутбук-1, кресло пуфик-4, стелаж-5, вешелька кактус-1, формулер-1, оқу залына столы-3

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

2019ж «Өрлеу» БАҰО АҚ «Білім беру ұйымының ақпараттық/ білім беру кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі» 03.06.-14.06.2019/ Сертификат -80 сағат

2019ж «Өрлеу» БАҰО АҚ ПКБАИ шебер класс « Қазіргі заманғы кітапханашыларының бейнесі мен мәдениеті»

Марапаттар: 2020ж. Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі «Алғыс хат»

2021 ж. Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі «Алғыс хат» және ЮКОН шипажайына жолдама

2021ж Ойыл ауданды, Қараой мектеп бала бақшасында ұйымдастырылған «Кітапхана- кітап пен оқырман арасындағы алтын көпір» аудандық семинары

2023ж «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылардың сапалы оқу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары облыстық семинары

2023 ж. Ойыл аудандық Білім бөлімі «Кітапхана –сапалы білімнің сенімді кепілі» тақырыбында аудандық семинарда Алғыс хатпен марапатталды

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Зерделеу нәтижесі бойынша мектепте 66 компьютермен жабдықталған оның 46 ноутбук, 1-компьютерлік кабинет 16-компьютер жұмыс жасап тұрғаны анықталды. 16 компьютер интернетке қосылған. Оптикалық-талшықты интернет желісі жүргізілген. Мектеп бойынша 1- нүкте арқылы Wi Fi қабылдау-тарату қондырғысымен жабдықталған. Интернет жылдамдығы 50 Мб/с. «Казакхтелеком» АО мен 2024ж.01.24. №10 келісім шарт жасалған.

7.Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2022-2023 оқу жылында білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына» өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 28 сәуір №189, 2021 жылғы 31 мамыр №248 бұйрығы бекітілген қағидасының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша,

2022-2023 оқу жылында 9 сыныптан 22 оқушының 21-і, 11 сыныптан 3 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілген. 9 сыныптың 1 оқушысы (9 -сынып білім алушысы Қонысұлы Думан) денсаулығына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылған. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 1 оқушы иегер болған.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныптарда 17 оқушы, 11 сыныпта 11 оқушының барлығы қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа иегер 1 оқушы болған.

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 – сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2022-2023 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары»ның 3-тарауы Білім алушыларды